

Созақ ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 25 тамыздағы № 290 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 тамызда № 5761 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 302 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 27.11.2023 № 302 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Кодексінің 529-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 бұйрығымен бекітілген Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 тіркелген), Созақ ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Созақ ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Созақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Сатыбалдыға жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жариялануға жатады және 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Полатов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Созақ ауданы бойынша

мемлекеттік кірістер басқармасы"

мемлекеттік мекемесі

басшысының орынбасары

_____ Ж.Айдарбеков

"__" _____ 2020 жыл

Созақ ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 25 тамыздағы
№ 290 қаулысына қосымша

Созақ ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

| Қ/с | Аймақ атауы | Елді мекеннің атауы | Аймаққа бөлу коэффициенті |
|-----|-------------|---------------------|---------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Шолаққорған | Шолаққорған | 1,65 |
| 2 | | Теріскей | 1,65 |
| 3 | | Балдысу | 0,90 |
| 4 | | Қарабұлақ | 0,90 |
| 5 | | Абай | 1,10 |
| 6 | | Жеткіншек | 1,30 |
| 7 | Созақ | Созақ | 1,25 |
| 8 | | Шақырық | 1,35 |
| 9 | | Көктөбе | 1,20 |
| 10 | | Ы.Жаукебаев | 1,25 |
| 11 | | Қақпансор | 0,75 |
| 12 | Жартытөбе | Жартытөбе | 1,35 |
| 13 | | Аққолтық | 1,25 |
| 14 | | Бабаата | 1,25 |
| 15 | Құмкент | Құмкент | 1,35 |
| 16 | | Қызылқанат | 1,10 |
| 17 | | Қызылкөл | 1,25 |
| 18 | Сызған | Қозмолдақ | 1,35 |
| 19 | | Қайнар | 1,20 |
| 20 | | Сызған | 1,15 |
| 21 | | Басбұлақ | 1,00 |
| 22 | Қаратау | Бакырлы | 1,35 |
| 23 | | Саржаз | 1,20 |
| 24 | | Ақсүмбе | 1,10 |
| 25 | Қаракұр | Қаракұр | 1,35 |
| 26 | | Шаға | 1,20 |
| 27 | | Қызылбайрақ | 1,30 |
| 28 | | Жуантөбе | 1,35 |

| | | | |
|----|----------|-------------|------|
| 29 | Жуантөбе | Қоңыратарық | 0,75 |
| 30 | Тасты | Тасты | 1,35 |
| 31 | | Қылты | 0,90 |
| 32 | Шу | Шу | 1,35 |
| 33 | Таукент | Таукент | 1,45 |
| 34 | Қыземшек | Қыземшек | 1,45 |
| 35 | | Тайқоңыр | 1,35 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК